

АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№46(56) 15 қараша 2024 жыл

Аудандық ұйымдарда

БІРЛЕСТІК ҚҰРЫЛДЫ

Бұл күндері облысымыздың барлық аудандарында «Алматы облысы ардагерлер ұйымы» жанынан «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктері құрылып жатқаны бәрімізге белгілі. Сондай бірлестіктің бірі Талғар ауданында да құрылды.



сында атқарылған жұмыстар сараланып, сол жұмыстарда кеткен кемшіліктер мен олқылықтар талқыланып, келешекте оң шешімін табуға мән берілетінін, қабылданған іс-шаралар мен жоспарлар, бағдарламалар аудан әкімшілігімен келісе отырып, аудан мен ауылдың әлеуметтік тіршілік жағдайларымен байланыстырылатынын тілге тиек етті.

Матан Рахымбергелдінің баяндамасынан кейін мінбеген көтерілген аудандық

келісім ұйымының басшысы Жұмақыз Бұтабаева күн тәртібіндегі мәселеге орай өз ойын ортаға салды.

Күн тәртібіндегі қаралып отырған мәселеге орай құрамында бес адамы бар президиум мүшелері және оның төрағасы мен орынбасары сайланды. Аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің құрамында отыз бес адамы бар кеңес мүшелерінің тізімі бекітілді.

Одан тысқары Алматы облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің кеңес мүшелігіне Азат Айтұғанова, Күләш Оразалиева және Людмила Кафарова сайланды.

Осымен жиналыстың күн тәртібіне енгізілген мәселе толығымен қаралып, конференция өз жұмысын аяқтады.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.
Талғар ауданы.



Осы шараға келген аудан ардагерлері аудандық әкімдіктің кіші мәжіліс залына толды. Ол жерде ардагерлермен қатар шақырылғандар да болды. Отырыстың модераторы болған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Матан Бекбосынов күн тәртібімен жиналғандарды таныстырып өтіп, өз баяндамасында қоғамдық ұйымдардың аудан өмірінде алатын орындарына саяси баға беріп, аналар, ардагерлер, қоғамдық келісім, жастар ұйымдарының қоғам өміріндегі алатын орны ерекше екенін айтты. Жылдық бағдарламалар ая-



Салауатты өмір салты

АУДАН АРДАГЕРЛЕРІ БІРІКТІ

Талғар ауданында бүгінгі таңда 25 мыңға жуық қазыналы қарт зейнеткер ардагерлеріміз бар. Таяуда ғана аудандық ардагерлер ұйымының жанынан “Белсенді ұзақ өмір” атты ардагерлер клубы құрылды.



Талғар қаласының Белсенді ұзақ өмір мүдделестер клубы жарғылық қызметін орындау шеңберінде іске асырылатын істері зейнеткерлік жастағы азаматтардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыру, бос уақытын және демалысында белсенділігін арттыруды көздейтін, олардың өзін-өзі жүзеге асыруды және қоғамға пайдалы

қызметке қатысуы үшін жағдай жасайтын, ішкі мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік беретін клуб болып табылады.

Клубтың негізгі мақсаты зейнеткерлік жастағы адамдарды физикалық және психикалық денсаулығының ұзақтығын арттыру үшін белсенді, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеумет-

тендіру болып табылады.

Клубтың негізін қалаушы ауданымыздың белсенді ел ағасы Жұмағали Кебекбаевтың ұйғқы болуымен бастау алған клубтың болашағы зор көрінеді.

Ашылу салтанатты кешіне ауданның ардагерлер ұйымының төрағасы Матан Бекбосынов бастаған білім, өнер, мәдениет, спорт сияқты көптеген саланың жілігін шағып майын ішкен ардагерлеріміз бас қосты.

Бұл шараға Талғар ауданының дене шынықтыру және спортты дамыту орталығының басшысы Жандос Бусурманов та барып, құттықтап, үлкендердің ақ батасын алып, алдағы уақытта бірлесе спорттық-патриоттық бағытта етене еңбек ететінін алға тартып, клуб ұжымына сәттілік тіледі.

Бұл клубтың қазіргі біздің қоғамға керек клуб боларына ел болып сенім арттамыз. Аталарымыз бен әжелеріміз ауданның жас өрендеріне ата жолын, бай тарихымызды, салт-дәстүр және өнері мен мәдениетін, білім мен тәлім тәрбие, ақыл-кеңестерін, ұлттық құндылықтарымыз сияқты көптеген керекті бағыт бағдар болары сөзсіз.

Мөлдір ИСА.
Талғар ауданы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Хасан Қасымбаевтың қамауға алынғаны туралы ақпарат тарайды



Желіде Шерзат Болаттың өліміне қатысты есімі шыққан Хасан Қасымбаев кеше уақытша ұстау изоляторына қамалды. Бұл туралы kozachkow Telegram-каналы жазды, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

Қасымбаевты кейбір дереккөздер «Хуторские» қылмыстық тобының жетекшісі ретінде атаса, өзі бұл айыптарды жоққа шығаруда. Ішкі істер министрлігі де мұндай қылмыстық топтың бар екендігін растаған жоқ.

«Бас прокуратураның мәліметінше, Қасымбаевтың 2021 жылы болған қылмысқа қатысы бар болуы мүмкін. Сол жылы Алматы облысындағы бір ауылда 1984 жылы туған тұрғынды ұрып-соққан соң, оны әлдекімдер тонап кеткен. Аталған қылмысқа байланысты үш ер адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, кейін шартты түрде жаза алған еді» делінген жазбада.

Қадағалау органы осы істің барлық мән-жайын қайта қарастырып, Қасымбаевтың аталған қылмысты тапсырыс беруі мүмкін деген қорытындыға келді. Қазіргі уақытта оған қатысты жаңа іс қозғалды.

КНБ провел задержание в Алматинской области

Департаментом КНБ по Алматинской области при координации органов прокуратуры пресечена деятельность подпольной лаборатории по производству синтетических наркотиков, передает Tengrinews.kz.



В момент изготовления наркотических средств задержан и взят под стражу гражданин Казахстана.

В лаборатории было изъято порядка 5 килограммов готового и 350 литров жидкого психотропного вещества а-PVP, а также 800 литров прекурсоров и лабораторное оборудование для изготовления наркотиков.

В отношении задержанного проводится расследование по части 3 статьи 297 УК «Незаконное изготовление, переработка, приобретение, хранение, перевозка в целях сбыта, пересылка либо сбыт наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов».

Алматы облысында браконьерден 50 келіден астам көксерке балығы тәркіленді

Алматы облысы Балқаш ауданының Құйған ауылы маңында заңсыз балық аулаған Жамбыл облысының 45 жастағы тұрғыны ұсталды, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



Балқаш аудандық ПД мәліметінше, ер адам 27 қазанда «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу барысында ұсталған. Ол моторлы қайықпен және тыйым салынған

моножіпті торлармен балық аулаған.

«Тінту кезінде құқық бұзушыдан 50 келіден астам көксерке, сонымен қатар заңсыз аулау құралдары табылды. Күдіктіге қатысты балық ресурстарын заңсыз өндіру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Мемлекетке келтірілген залал 425 844 теңгені құрайды» деп атап өтті Балқаш аудандық полициясының бастығы Айдар Омаров.

БАСПАСӨЗ-2025



Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - 5415,20 теңге

Индексі- 65472

Мерей биігінде

ӨМІР ЖОЛЫ АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН

Сабырлы да салмақты, кез-келген мәселені кеңінен ойлап барып қолға алатын, әрдайым адалдықтың ақ жолымен жүріп, әділдіктен ауытқымайтын, азамат қана атанып қоймай, елдің үніне құлақ қойып, қалың көпшіліктің ішінен көрінетін адамдар бұл өмірде аз емес. Соның бірі-70 атты биік белестің шыңына көтеріліп, елеулі еңбегімен еліне жаққан, тамаша жұмысымен халыққа танылған ардақты азамат Әбіләкім Қозбағарұлы Есуянов. Мұзбалақ ақын Мұқағалидың ауылы Қарасазда дүниеге келген білімге құштар, еңбеккер Әбіләкім жақсы мен жаманның арасын ерте ажырата білді. Жауапкершіліктің не екендігін үздік оқу, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене араласу арқылы дәлелдеді. Кейін Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы қазақ орта мектебінде білімін жалғастырған ол мұнда да жоғары белсенділігімен көзге түсті. Әдетте ертеңгі күніне сергек сеніммен қарайтын, әр нәрсені білсем, түсінсем, зердеме тоқысам деген адамнан бірден шығады ғой. Алдағы күндеріне зор үміт артып, жақсы азамат болып қалыптасам деген Әбіләкім арман-қиялмен шектеліп қалмай, жақсы оқыды, әр іске мығым болды. Ірілі-ұсақты жұмыс атқарса өзінің тиянақтылығын, ыждағаттылығын айналасына көрсете білді. Мұның бәрі айналып келгенде оның алдағы өмірі мен еңбек жолына жақсы негіз болып қаланды.

Алматы қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының зооинженерлік факультетінің үздік аяқтаған ол еңбек жолын 1979 жылы Ұйғыр ауданындағы «Партсъезд» атындағы Ұйғыр аудандық қатардағы зоотехниктен бастады. Осы ұжымшарға қарасты Сұңқар ауылында зоотехник болып жұмыс істеген ол өз міндетін үлкен жауапкершілікпен атқарғанының арқасында баспалдағымен біртіндеп көтеріліп ферма меңгерушісі қызметіне жоғарылады. Кейіннен Ұйғыр аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің бас зоотехнигі болды. Сырттай бір қарағанда басқалардан өзгешелігі байқалмайтындай көрінгенмен, әрбір адамның тәжірибесі, түсінігі мен түйсігі, өмір сүрген, еңбек еткен ортада қолтаңбасын айшықты етіп қалдыруға ұмтылысы оның көпшілікке ұқсамайтындығын мойындайды. Ол адамның еңбегімен өріледі. Жанын салып, ынта-ықыласпен, біліктілікпен істеген жұмыс қанша қиын болғанымен, жемісін жегізіп, нәтижесі жаныңды қуанышқа бөлейтіні сөзсіз. Адамның өзін тануы, дәлелдеуі, қолынан іс келетіндігін мойындатуы ең алдымен осындай еңбек жемісімен бағаланады, айқындалады. Ондай адам қарапайым жұмысшы, мұғалім, дәрігер, мемлекеттік қызметкер болсын басқалардан еселі, ұтымды еңбек етуі арқылы ерекшеленеді. Осылайша ол білім-біліктілігінің үйлесуі, ұлттық мүддені көздеген көзқарасы, ұйымдастырушылық қабілеті мен жаңашылдығы, сөз ісінің бірлігімен жұртшылықтың жүрегіне жаулайды. Сөз бен ісі бір жерден дәл шығатын Әбіләкім Қозбағарұлы 1986-1990 жылдары осы аудандағы Свердлов атындағы ұжымшардың партия комитетінің хатшысы, Ұйғыр аудандық партия комитетінің ұйымдастыру және кадр бөлімінің меңгерушісі, 1991-1995 жылдары халық депутаттары Ұйғыр аудандық кеңесінің ұйымдастыру және кадр жұмыстары бойынша бастығы, ревизорлық комиссияның төрағасы, 1995-1999 жылдары Ұйғыр аудандық ауылшаруашылық басқармасы бастығының 1-ші орынбасары, 1995-2002 жылдары Ұйғыр ауданының әкімі аппаратының басшысы, Ұйғыр ауданы әкімінің орынбасары, 2003-2006 жылдары аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Еңбек ете жүріп, 2005 жылы Алматы қаласындағы Кино және Теледидар техника экономикалық академиясының экономика және менеджмент факультетін тәмамдады. 2006-2017 жылдары Алматы облысының Статистика Департаментінің Ұйғыр ауданының статистика басқармасының басшысы болып қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты. 2019-2022 жылдары Ұйғыр аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы болып істеді. Еңбегіне қарай зейнеті демекші Әбіләкім Қозбағарұлының еліне сіңірген ұзақ жылғы адал еңбегі елеулі қалған жоқ. Әр жылдары істеген еңбегі бағаланып «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Маслихаттарына 20 жыл» мерекелік медальдарымен және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Құрмет Грамотасы және Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2 рет Құрмет Грамотасы және Алғыс хатымен, ҚР Ұлттық экономика Министрлігінің шешімімен «Статистика үздігі» төсбелгісімен, Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ұйғыр



ауданының Құрметті азаматы, Алматы облысының құрметті ардагері. Жан жары Гүлбаршын екеуі өмірге 3 қыз, 1 ұл әкеліп, білім мен тәрбиені бере отырып олардың жақсы азамат болып қалыптасуларына еңбектерін аямады. Бүгінде сол балаларының жақсылығын көріп, немерелерінің қуанышын қызықтап жүрен жайлары бар. Балалары да өз мамандықтарына сай еңбек етіп, еліміздің дамуына лайықты үлестерін қосуда. Өздерімен бірге тұрып жатқан ұлы мен келіні екеуі де қаржыгер мамандығының иелері, келіні аудандық салық басқармасында істесе, ұл-жеке кәсіпкер. Қыздары-кеден, информатика, гигиена-тазалық саласының мамандары.

Қысқа жіп күрмеуге келмейтін мына өмірде өзіндік жол қалдырған, айналасына тек жақсылықтың нұрын шашқан, артына ізгіліктің дөнін сепкен мағыналы да мәнді ғұмырында әділдікті жанына жалау етіп, мейірімділіктің, қамқорлықтың саулесімен жан-жағын шапағатқа бөлеген Әбіләкім Қозбағарұлы Есуяновтың өмір жолы осылайша адал еңбекпен өрілген.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

Жаныңда жүр жақсы адам

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ІСКЕР БАСШЫ

Біз әңгіме еткелі отырған Монтаева Анар Әмірғалиқызы Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында дүниеге келген. Амангелді ауылындағы орта мектепті 1984 жылы, 1991 жылы Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университетін химия – биология мамандығы бойынша бітірген. Білім беру саласында 34 жыл үзбей еңбек етіп келе жатыр. Осы жылдар аралығында туған еліне Анар Әмірғалиқызының сіңірген еңбегі, атқарған істері ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Қазақстан Республикасының «Білім беру саласының үздігі» құрметті атағын алған. Шәкірттерін білім нәрімен сусындата жүріп, өз білімінде әр кез көтеріп отыруды ұмытқан жоқ.

Неге екенін қайдам, бүгінгі әңгіменің тақырыбына айналғалы отырған кейіпкерім материал жазу үшін қолыма қалам алғанда балаша қуандым. Шамасы кейіпкерімнің азаматтық кескін-келбетін, адами бітім-болмысын, қарапайымдылығы мен ізеттілігіне әркез тәнті болып жүргендіктен болар.

Ұстаздың міндеті қиын және жауапты. Өйткені олар ертеңгі күнге керекті адамдарды тәрбиелеуді керек. Сондықтан да өз мамандығының қыр-сырын терең бойлап, тәрбие мен тәртіпті орнықтыруға жастар бойында еңбектің шамшырағын жағып, олардың қоғамға деген жанашырлық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру басты міндетін міндеті деп біледі.

Анар Әмірғалиқызы туралы айтқанда арғыға бармай, бергі 2-3 жыл көлеміндегі еңбектерін сөз етпейсіз. Себебі менің, ол кісімен таныстырымы, осы Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылындағы №12 мектепке директор болып келгеннен басталды. «Ұстазды алтын дінгекке балар едім» деп, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаздық бұл ең ұлы іс дер едім.

Анар Әмірғалиқызы да №12 мектепке келісімен ұстаздар қауымымен тез тіл табысып, араласып кетті. Ұстамдылықты, ұтымдылықты, ұқыптылықты бойына сіңірген оны тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиеттерді бойына тоғыстырған кемел жан десек, қателесе қоймаймыз.

Сонымен де ұжым алдында көшбасшы, сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрдің құндылықтарын үлкеюмен келеді. Мінезге соншалықты бай, адамгершілігі зор жайдары да жайсаң жан.

Анар Әмірғалиқызы бастылығы кезінде №12 мектеп бұрынғы дәстүрін жалғастыра



отырып, жаңа тың белестерді бағындырды. Атап айтсақ, 2023-2024 оқу жылында ауыл мектептері арасындағы байқауда Алматы облысы бойынша І орынды жеңіп алды. «Таза Қазақстан» бағдарламасына сәйкес «Ең үздік мекеме» ретінде аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Өткен оқу жылын талай табыстармен аяқтап, білім сапасы 76% болып, Іле ауданы бойынша І-ші орынды иеленді. 16 мектеп бітіруші «Алтын белгі» иегері атанса, 8 оқушы үздік аттестат алды. 91 оқушы мектеп бітірсе соның 62-сі грант иегері атанды. Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің «Алғыс хатына» ие болды.

№12 мектеп бүгінгі таңда үш ауысымда жұмыс жасайды. Осындай қиындықтарға қарамай, жоғарыдағыдай жетістіктерге қол жеткізді. Жаңа 2024-2025 оқу жылын да бастап кетті, бүгінгі таңда мектеп партасында 2407 оқушы отыр. 192 мұғалім еңбек етеді. 30-дай техникалық қызметшілер жұмыс жасап жатыр. Өтініш айтып, талап қойып келген әрбір ата – анамен ортақ тіл табысу, оларды сабырға шақыру ұлкен шығармалылықты, ыждақаттылықты талап етеді. Кей күндері ашынған жандардың ай-

ғай-шу жағдайы болады. Мұндайда білікті басшы парасатты жан Анар Әмірғалиқызы өзіне жүктелген жауапкершілік жүгін жақсы біліп, қызметін барынша мінсіз атқаруға бар күш-жігерін жұмсайды. Жаңа оқу жылын да жақсы дайындықпен бастап кетті. Мектеп айналасына көптеген ағаштар мен әсем гүлдер отырғызылды. Мектептің сыртқы қабырғалары 17 жыл бойы жөндеу көрмей алабажак болып тұрушы еді, ол да сыланып, көркейіп шыға келді. Осы жерде жоғарыда отырған әкім қара, білім басшыларының құлақтарына алтын сырға. Мектептің айналасындағы асфальт төсеніш, әбден тозығы жетіп қопарылып жатыр, соған бір қарақат жасаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Біздің болашағымыз-бүгінгі жастар. Сол жас өркенді тәрбиелеп білім беруде бір кісідей еңбек етіп, жауапты басшылықты да абыроймен атқарып келеді. Осындай ерен істері мен ұжымды ұйымдастырушылық шеберлігі, оның жеке басының абыройын асқақтатты. Еңбектің де өтеуі бар дегендей, педагогикалық идеялар панорамасы бойынша қала көлемінде жүргізген биология дәрісі бойынша байқауда І дәрежелі дипломымен, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция-конкурста «Үздік сабақ жоспары» - І дәрежелі дипломымен, «Bilim – onkeniet» ұлттық инновациялық ғылымы – зерттеу орталығының, ҚР Оқу ағарту министрлігінің орта білім беру комитетінің Алғыс хатымен, Алматы облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен, тағы басқа көптеген марапаттармен марапатталған. Міне осындай құрмет пен алғыстар үлкен еңбекпен келері анық.

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ,
Байсерке ауылы ақсақалдар кеңесінің мүшесі.

Денсаулық сақшылары

Ауыра қалсаң, қасыңнан табылып, сырқат сырын айнытпай анықтайтын, қажетті ем-домын дер кезінде жасап, батпандап кірген кеселден айығудың жолын іздейтін қолы шипалы, жүрегі жұмсақ жандар қай қоғамда болсын қадір-құрметке ие. Халыққа дәрігерлік қызмет көрсетуді абыройлы міндеті санайтын сондай абзал жанның бірі – Райымбек аудандық ауруханасының «Ультрадыбыстық зерттеу ісінің» маманы, жоғары санатты дәрігер Бағлан Құлжанқожаұлы Қоданов.

АҚ ЖЕЛЕҢДІ АБЗАЛ ЖАН

Қайнар орта мектебін үздік бағалармен бітірген Бағланның адамжанының арашашысы – дәрігер болу бала кезінен арманы еді. Оған себеп те жоқ емес. Ауылдағы емханада мейірбике болып қызмет атқаратын анасы Советқан Молданиязованың сырқат жандарға ем-шара жасап, шипа дарытумен қатар, жүрегінің мейірімін де төге білетіні, сол арқылы ауруынан айыққан жандардың алғыстарын арқалап жататыны мұның көз алдында. Бәлкім, сол бір ізгілікке толы қызметтің әсері шығар, Бағлан осынау абыройлы мамандықты таңдауының себебі. Арман жетегімен Алматыдағы С. Асфендияров атындағы медициналық университеттің табалдырығын аттады. Сынақтардан сүрінбей өтіп, атақты оқу орнының студенті атанды. Өзі бұрын аттарын алыстан ғана еститін айтулы ғалымдардың алдынан дәріс алды. Алған білімін өз бетінше ізденіспен ұштастырып, дәрігерлік ғылымның қыр-сырына үңілді. Медицина атасы Гиппократтың анттына адал болуды, өмірлік серігі ретінде ұстануды алдына міндет етіп қойды.

2013 жылы университетті озаттардың қатарында бітірген жас маман білімін одан әрі «АЗИУВ» резидентурасында жалғастырды. 2017 жылға дейін Алматыдағы № 5 «Жедел жәрдем» бекетінде дәрігер болып қызмет етті. Осында білікті дәрігерлердің тәжірибелерін үйренді. Солардан үйренген тәжірибесін дамыта отырып, алдына ем іздеп, ауруына арша сұрап келген жандардың науқасынан құлан-таза айығуына себепші болды.

- Алматыдағы үлкен емханада тәжірибе жинақтаған соң, мамандығымды туған жерімде жалғастыруды жөн санадым. Сөйтіп, 2017 жылы Райымбек аудандық ауруханасына «Ультрадыбыстық зерттеу ісі» бойынша қызметке орналастым. Адамның ішкі ағзасының қалтарыс-бұлттарысына дейін үңіліп, сырқат сырын анықтау айтуға ғана болмаса, іс жүзінде онай аспаптағы дүние емес. Оған мол тәжірибе, терең білім қажет. Және заманауи қондырғыны бүге-шігесіне дейін жетік меңгеру керек. Онсыз алға аттап баса алмайсың. Емделушінің көңілінен шығуын, көкірегіне сенім ұя-



латуың екіталай,-дейді Бағлан.

Дәрігер жігіттің өз мамандығы жолындағы қажымай-талмай ізденген іс-әрекеттері бүгінде жемісін беріп, қалың қауымға «киелі мамандықтың жілігін шағып, майын ішкен» атандырып отырған жайы бар. Бүгінде Бағлан алдына сырқатпен келген жандардың «УЗИ» аппараты арқылы берген анықтамалары өнебойды жайлаған кеселден құлан-таза айығуына жол ашуда. Сырқатына ем іздеп келушілердің Бағлан жұмыс бөлмесінің алдына босатпайтыны сондықтан. Осының бәрі де білімді де білікті дәрігердің көп жылдан бергі жинақтаған тәжірибесі мен жауапкершілікті жете сезінгендігінің жемісі деп білген абзал.

Ақ желеңді абзал жанның ізденісі еңбегі бүгінгі таңда лайықты бағаланып, әріптестерінің ортасында абырой биігіне көтерумен келеді. Аудан әкімі мен облыстық, аудандық денсаулық сақтау саласы тарапынан алған Алғыс хаттары мен мақтау қағаздары-сөзіміздің айқын дәлелі. Бағлан қазіргі таңда шеберлігін бұрынғыдан да шындай түсуде. «КТ.МРТ» аталатын заманауи қондырғыны жан-жақты меңгеріп, кідіріссіз жұмыс істеуіне, сырқат сырын дәлме-дәл анықтауға барынша ден қоя еңбек етуде. Реті келгенде өз мамандығының жетік білгірі атанған ақ желеңді абзал жанға біз де халыққа арналған қызметі жолында зор жетістіктер, аласармас абырой тілейміз.

Жұмабек ТҮРДИЕВ,
Райымбек ауданы.

Образование

Учеба в Казахском национальном университете (КНУ) - это, несомненно, сложный и полезный опыт. Расположенный в Казахстане в Алматы, этот ведущий академический институт привлекает множество студентов из страны и из-за рубежа благодаря высокому качеству образовательных ресурсов, богатой культурной атмосфере и уникальным региональным особенностям.

Опыт обучения в Национальном университете Казахстана Сюй Си, Би Тао, Ван Чуньлин, Цзинь Сяоган, Лу Аньци

В КНУ у студентов есть возможность участвовать в широком спектре углубленных академических программ. Преподаватели не только обладают глубокими академическими знаниями, но и уделяют особое внимание взаимодействию со студентами. Они с удовольствием делятся своими исследованиями, поощряют студентов к участию в дискуссиях в аудитории, стимулируют критическое мышление и творческие способности. Кроме того, университет предлагает богатую библиотеку, передовую лабораторную базу и обширные ресурсы онлайн-обучения, чтобы удовлетворить разнообразные образовательные потребности студентов.

Культура кампуса Казахского национального университета богата и красочна. Будь то академические лекции, семинары или культурные праздники, вы почувствуете сильную академическую атмосферу и мультикультурное смешение. Студенты могут познакомиться со студентами со всего мира, обсудить академические вопросы, поделиться жизненным опытом и расширить свои международные горизонты.

Алматы - это яркий и современный город с историческими зданиями, современными деловыми районами и множеством развлекательных заведений. Обучаясь в КНУ, студенты могут пользоваться удобными услугами и широким спектром развлекательных мероприятий. Будь то дегустация местной кухни, посещение достопримечательностей или участие в разнообразных социальных мероприятиях, однозначно, университетская жизнь будет насыщенной.

В КНУ у студентов есть возможность познакомиться со студентами разных профессий и специальностей и завязать с ними крепкую дружбу. Такая дружба не только способствует обучению и росту, но и накапливает ценные межличностные ресурсы и возможности сотрудничества для будущей карьеры. Кроме того, благодаря обмену с местными студентами вы сможете глубже понять культуру, историю и социальную ситуацию Казахстана, заложив прочный фундамент для навыков межкультурной коммуникации.

Учеба в Казахском национальном университете - это незабываемый опыт. Он не только предоставляет качественные образовательные ресурсы и насыщенные культурные мероприятия на кампусе, но и дает студентам возможность завести друзей со всего мира и расширить свой международный кругозор. Независимо от того, увлекаетесь ли вы академическими исследованиями или мечтаете о будущей карьере, это место предоставляет студентам широкую сцену для проявления своих талантов и потенциала.

Событие

НАСТОЯЩИЙ ОФИЦЕР, ПАТРИОТ И ГРАЖДАНИН СТРАНЫ

На днях в г. Қонаев прошло торжественное мероприятие, имеющее важное значение в жизни нового областного центра. И оно, так сказать, достойно пера. Одна из улиц города теперь носит имя первого министра обороны Республики Казахстан, Героя Советского Союза, Халык Қаһарманы, генерала армии Нурмагамбетова Сағадата Кожаметовича. Это бывшая улица Фрунзе в 18 микрорайоне. Такое решение, учитывая большую работу, проделанную ономастическими комиссиями города, области и республики, а также предложенный


Департамента по делам обороны по Алматинской области и Алматинского областного Совета ветеранов, вынесено депутатами на XXVII сессии городского маслихата.

В памятный события открытия улицы приняли участие руководство акимата г. Қонаев, военнослужащие Департамента по делам обороны Алматинской области и Отдела по делам обороны г. Қонаев, ветераны ВС РК, ветераны-афганцы и участники боевых действий на таджико-афганской границе, юнармейцы.

Митинг начался под звуки Государственного Гимна Республики Казахстан в исполнении военного духового оркестра Қонаевского гарнизона. Как отметил в своем

выступлении и.о акима г. Қонаев Кенжибеков Т.Ж., наш народ всегда чтит память своих героев. И одним из них по-праву считается первый министр обороны суверенного Казахстана, стоявший у истоков создания ВС РК. Весной этого года в стране широко отмечалось 100-летие со дня рождения выдающегося сына казахского народа. И увековечение его памяти в г. Қонаев служит благородному делу патриотического воспитания молодого поколения граждан во имя процветания нашего Отечества.

Начальник Департамента по делам обороны по Алматинской области, полковник Жумашхан Н.Ж. в своей речи отметил, что согласно решения городского маслихата улица им. Фрунзе М.В. переименована в улицу генерала армии Нурмагамбетова С.К. Мы знаем из истории, что он во время Великой Отечественной войны командовал пулеметной ротой, а затем стрелковым батальоном, участвовал в штурме пригорода Берлина, Герой Советского Союза, ему первому было присвоено высокое звание Халык Қаһарманы. Полковник



Жумашхан Н.Ж. также высказался по поводу важности проводимого мероприятия.

Затем слово взял председатель Общественного Объединения «Ветераны Вооруженных Сил Республики Казахстан» по Алматинской области полковник запаса Акбаалиев Б.Ж.: «Среди ветеранов Великой Отечественной войны и ветеранов ВС имя генерала Нурмагамбетова С.К. занимает особое место, так как он стоял у истоков образования нашей армии и непосредственно руководил данным процессом. Это был настоящий офицер, храбрый воин, отличный семьянин, гражданин и патриот. Мудрый наставник, военный теоретик и стратег. Его отличало всегда высокое чувство интернационализма, порядочности, чувство боевого братства и верности воинским традициям, уважение к общему историческому прошлому. Ярким примером тому может служить тот факт, когда после распада СССР в армиях большинства государств постсоветского пространства действующие на тот момент военнослужащие заново принимали воинскую присягу, в Казахстане этого не было».

А вот что рассказал ветеран ВС РК и житель нашего города, полковник в отставке Аюпьян Т.В., бывший командир войсковой части 68602 Капшагайского (в то вре-

мя) гарнизона. Именно Аюпьян, вместе с первым министром обороны, посещал в составе комиссии воинские части гарнизона в порядке ознакомления и инспектирования.

«Мы присутствуем сегодня на значимом событии и участвуем в очень благородном деле, а именно - увековечения памяти нашего прославленного народного героя и акасакала. И это очень правильное решение!» - сказал Тигран Варосович. Я был лично знаком с Сағадатом Кожаметовичем.

Благодаря его волевым и организаторским качествам, таланту и военному мышлению состоялось формирование нашей армии. Многие взяли тогда себе в пример, как надо работать в данном направлении. Напомню, что он стал Героем Советского Союза в феврале 1945 г., когда командовал пулеметной ротой во время прорыва сильно укрепленной обороны противника на территории Польши. За проявленные героизм и мужество был представлен к награждению Звездой Героя Советского Союза в мае 1945 года второй раз. Но, по неизвестным нам причинам, не был таки ею награжден. Зато генерал Нурмагамбетов С.К. стал первым

человеком, награжденным званием Халык Қаһарманы уже в независимом Казахстане. Наша армия при нем считалась одной из лучших на постсоветском пространстве. Наш первый министр обороны теперь увековечен в памяти в г. Қонаев и его именем названа одна из улиц».

Далее прошли награждения ветеранов ВС РК юбилейными медалями «100 лет генерала армии Нурмагамбетова С.К.», после участники сделали фотографии на память.

И в завершении данной статьи, особо хочется отметить роль председателя Алматинской областной организации ветеранов Турымбетова Е.С., которому за проделанную активную организаторскую работу по увековечению памяти генерала армии Нурмагамбетова С.К. в нашем городе, от имени председателя Центрального Совета РОО «Ветераны Вооруженных

Сил Республики Казахстан» Халык Қаһарманы генерала армии Алтынбаева М.К., председателем филиала данной общественной организации по Алматинской области полковником запаса Акбаалиевым Б.Ж. была вручена данная награда. С чем от души его поздравляем!

Станислав ФЕДОРОВ,
подполковник медицинской службы
запаса, ветеран ВС РК, г. Қонаев.

Улаудан абай болыңыз

БОТУЛИЗМ

Ботулизм – жүйке жүйесінің зақымдануымен сипатталатын ауыр токсикалық-инфекциялық ауру (тамақтан улану). Аурудың қоздырғышы - Clostridium тұқымдасының микробы, оттегі болмаған кезде (анаэроб) болатын грам-оң таяқша. Бактерия өте күшті нейротоксин бөледі, ол күшті биологиялық улардың бірі, түсі де, иісі де, дәмі де жоқ. Қолайсыз ортада микроорганизм топырақта ұзақ өмір сүре алатын споралар түзеді. Споралары ультракүлгін сәулеленуге, спирттер мен фенолдарға, сәулеленуге төзімді, қайнауға 4 сағатқа дейін шыдайды, кептіруге төзімді, кептірілген күйінде 30 жылға дейін және одан да көп уақыт сақталады.

Тағамдық ботулизмде тамақ өнімдері ботулиндік токсинмен (емделген немесе ысталған ет немесе балық, маринадталған саңырауқұлақтар, үйде дайындалған консервілер) ластанды. Адамның инфекциясы кәсіптік термиялық өндеуден өтпеген немесе оттегісіз ортада сақталмаған құрамында бактериялары бар тағамды жеген кезде пайда болады. Ботулизм таяқшасы тағамның сыртқы түрін, дәмін, түсін, иісін өзгертіп, тек газдардың жиналуы нәтижесінде банкалардың ісінуіне әкеледі. Тұздалған өнімдер, бал, консервілер, джемдер әдетте шыны ыдыстарға салына-

ды. Мұндай консервілерде анаэробты ластануды газ көпіршігінің шамадан тыс түзілуі, әсіресе «тәтті» консервілерде көрсетуі мүмкін. Жұмсақ қақпақтар қаңылтыр банкалардағыдай газ қысымы астында дөнес болуы мүмкін. Вакууммен қапталған газ көпіршіктері өнімнің нашар оралғанын немесе зақымдалғанын бірден көрсетеді. Дегенмен, шұжық пен ысталған етті жоғары сапалы вакуумды орау кезінде ботулизм айқын газ түзілуімен көрінбеуі мүмкін.

Микробтың тікелей өнімнің ішінде дамуына ештеңе кедергі келтірмейді. Тағамдық ботулизмнің

инкубациялық кезеңі 2 сағаттан 8 күнге дейін. Клиникалық түрде ауру қос көру, көзде «тор», «шыбындар» немесе «тұман» түріндегі көру қабілетінің бұзылуымен, қарашықтардың кеңеюімен, «көзге құм» сезімімен, құрғақ ауызбен, жұтынудың бұзылуымен көрінеді, сөйлеудің бұзылуы, үстіңгі қабақтың әрең көрінетінінен толық жабылуына дейін салбырауы, бас айналу, тұрақсыз жүру, бір нүктеге бағытталған көзқарас. Ботулизмді емдеу стационарлық жағдайда жүргізіледі. Уақытлы емдеумен болжам қолайлы. Терапиясыз өлім 60% жетеді. Өлім тыныс алу бұл-

шық еттерінің салдануы нәтижесінде пайда болады. Аурудан кейінгі қалпына келтіру кезеңі бірнеше айға созылады.

Ботулизмнің алдын алу үшін тек үйде дайындалған жоғары сапалы консервілерді жеу керек. Инфекцияға қарсы негізгі профилактикалық шаралар бактерия спораларының өсуіне және көбеюіне жол бермейтін жағдай жасау және тағамға қоздырғыштың өнуіне жол бермеу болып табылады.

Тағамдарды сақтау технологиясын сақтай отырып, тағам дайындалатын орындарда міндетті түрде тазалықты сақтау қажет. Ет пен балық тек жана піскен түрде жабылады, көкөністер мен жемістер мұқият жуылуы керек. Үй консервілерін жасағанда әркім өз денсаулығына және ботулизмнің алдын алуға қамқорлық жасауы керек. Консервациялау алдында өнімдерді мұқият жуып, тазалап, контейнерді зарарсыздандыру керек. Үй жағдайында герметикалық жабық контейнерлердегі консервілеу өнімдері адамдар үшін ең қауіпті болып табылады, өйткені үйде ботулизм

қоздырғышының толық жойылуына қол жеткізу мүмкін емес.

Рұқсат етілмеген сауда орындарында белгісіз өндірушіден немесе «қолдан» үй өнімдерін сатып алудан бас тартқан дұрыс. Ең бастысы, бұл саңырауқұлақтарға қатысты, өйткені оларды ботулин споралары бар топырақ бөлшектерінен жуу өте қиын. Консервілерді қолданар алдында токсинді жою үшін ашық консервілерді 100°C температурада 30 минут бойы (қайнаған суда) жылыту керек. Термиялық өндеуге жатпайтын, бірақ токсинге қолайлы орын болып табылатын тамақ өнімдерін (тұздалған және ысталған балық, шошқа майы, шұжықтар) 10° С аспайтын температурада сақтау керек. Өз денсаулығыңызға қауіп төндірмеңіз. Консервілерді қолданғанда абай болыңыз.

Ал ботулизмнің алғашқы белгілерінде дереу медициналық көмекке жүгініңіз!

Н.МЕДЕТОВ,
Қонаев қаласының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Білім ұясы

МЕКТЕБІМ- МАҚТАНЫШЫМ

Өмір ағымымен білім теңізінде жүзген аудан орталығындағы Б.Бейсекбаев атындағы мектеп гимназиясы бүгінгі күні 41 жылды артқа тастап отыр. Өткен күннің бәрі-тарих. Ал тарихты таразылап, зердемен бағалау арқылы оның тағылымын, кешегі мен бүгінгінің ара салмағын түсінеміз.

Тарихқа сүйенсек, мектебіміздің тағдыры, өсіп өркендеуі мен кемелденуі кезең-кезеңге белінеді. 1981 жылы 1 қыркүйекте В.И.Ленин атындағы орта мектепті тіршілігінде-ақ пайғамбар атанған, еліміздің бір-тұр тұлғасы, ғасыр перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өзі ашқан.

1990 жылы №2 Бақанас орта мектебі болып өзгертілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 ақпандағы «Қазақстан Республикасының білім, мәдениет ұйымдарына, сондай-ақ мұнай кен орнына, темір жол бекетіне атау беру және оларды қайта атау туралы» №257 қаулысына сәйкес Ресей батыры, Халық қаһарманы Бактыораз Бейсекбаевтың есімі берілді.

2019 жылдың қараша айынан бастап мектеп-гимназия мәртебесін иемденді.

Бүгінгі күні мектеп-гимназияда 729-дан астам шәкіртке саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында



Шара барысында оқушылар ұлы тұлға туралы үздік сырлар, сағымға айналған сол жылдар туралы естелік әңгімелер және Димаш атамның 12 қасиетін, атамның артында қалдырып кеткен қанатты сөздерін айтып өтті. Сонымен қатар «Ақындар жыр арнайды ардағына» айдарында ауданымыздан шыққан ақындарымыздың жырларын мәнгерлеп оқыды.

Мектеп кітапханашылары А.Б.Боранбаева мен Г.М.Мұхтарова «Кемеңгер ұлы тұлға» атты кітап көрмесімен таныстырды. Көрмеге Д.А.Қонаевтың өмірбаяны, еңбектері, қанатты сөздері, іс-сапарларынан сыр шертетін фотоальбомдары қойылды.

Жақсылық Тұрлыбек-ұзақ жылдар бойы тарих бетіндегі өшпейтін ұлы тұлға, халқымыздың перзенті, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жанында жүріп ол кісінің әр адымын фотошежіреге, тарихқа айналдырған суреттерден сыр шертетін фототіліші.

Мұндай асыл адамдардың бейнесін тарих бетінде қалдыру мен үшін бақыт. Димаш атамның бейнесін мәңгі есімін естеріңізде сақтаңыздар», – деп ойын түйіндеді.

Жайдары ӘЛІМБАЕВА,
Б.Бейсекбаев атындағы
мектеп-гимназияның директоры.



72-ге жуық ұстаздар қауымы аянбай еңбек өтуде. Мектептің миссиясы-Бүгінгі заманға сай, бәсекеге қабілетті шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жақсылық Тұрлыбек Бактыораз Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушыларымен кездесті. Мектеп оқушыларының қатысуымен Д.А.Қонаевқа арналған «Ұлт мақтанышына айналған ұлы тұлға» атты әдеби-сазды кештің қонағы болды.

Рухани дүние

КІТАП – БІР ӘЛЕМ

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Ал, кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар. «Кітап – білім бұлағы» демекші, ауылдық жердегі кітапхананың атқарар қызметі үлкен. Кітапхана оқырманның талап-тілектерін қанағаттандырып, оқумен тәрбиелеп, қажет болған жағдайда тиімді шешімдерді қабылдауды үйретеді. Балқаш ауданындағы ауылдық кітапханалар туралы да осылай деуге болады.



Аудан бойынша мемлекеттік жүйедегі кітапханалар саны-15, оның ішінде ауылдық кітапханалар саны 14-ті құрап отыр. Аудан бойынша 167691 дана кітап қоры оқырманға қызмет жасайды. Осы кітапханаларға келетін оқырманның саны 12105-ті құрайды.

Кітапханалар жанынан он-

шақты клубтар мен үйірмелер жұмыс істейді. Одан бөлек «Парасат жолы» орталығы бар.

Аудан бойынша кітапхана саласында істейтін барлық қызметкерлер саны-30 адам. Олардың оны жоғары білімді болса, орта арнаулы білімі барлардың саны 18-ді құрайды.

Замана талабына сай кітапхана-

лардың бесеуі интернет желісіне қосылған.

Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар аясында насихаттау жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Солардың ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы, «Цифрлы Қазақстан», «Туған жерге тағзым» секілді жүзеге асырылатын жобалар мен «Жошы ұлысының құрылуына 800 жыл» атты тарихи маңызды шаралар бар. Одан бөлек республика көлемінде аталып өтетін Өтеген батырдың 325 жылдығы, Біржан салдың туғанына 190 жыл, Балұан Шолақтың туғанына 160 жыл, Кененнің туғанына 140 жыл, Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, ақын Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл секілді басқа да ұлы тұлғалардың мерейтойларын атап өту назарда тұр.

Ел ертеңі – ол біздің алдымыздан тәлім, ғибрат алып шыққан өнегелі, өнерлі, білімді өрендер. Сондықтан да адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі білім қазынасы болып қала бермек. Оның негізі-кітап. Кітап деген-бір әлем. Осы орайда Балқаш аудандық кітапхана жүйесі алдына қойған міндеттерге жауапкершілікпен қарап, өз саласындағы істерді ары қарай жүзеге асыра беретін болады.

Ақбота ИБРАГИМОВА,
Балқаш аудандық
кітапханасының әдіскері.

Алғыс айтамын

ЖАҚСЫ ЖАНДАР – ЖАНЫМЫЗДА!

Мен Сағатов Абзалхан Әбілұлы, Іле ауданының Байкент ауылының тұрғынымын. Осында еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққанмын. Соңғы жылдары қатерлі ісікке ота жасатып, инсульт алып, төсекке байландым. Осы кезде көп көмек, қолдау көрсеткен жақсы жандардың есімдерін атағым келеді. Әсіресе, Байкент ауылының әкімі Асхат Нұсіпжанұлы Қалиевке, әкімнің жанашыр жандары Гүлжан Рамазанқызы Сақыповаға, емдеу амбулаториясының меңгерушісі Әсел Сенғалиқызына, ақсақалдар ұйымының төрағасы Амантай Беріковке, ардагерлер кеңесінің төрайымы Жаңылсын Өгізбаеваға, аналар кеңесінің төрайымы Айман Байымбетоваға алғысым шексіз!

Өз істеріңізге білікті, білімді, білгір, жауапты мамансыздар. Сіздердің арқаларыңызда көңіл-күйім көтеріліп, бір сәт ауыруымнан айыққандай күйге енемін. Осындай жанашыр жандардың көмегі маған зор демеу болады, қамқорлықтарыңыз жанымды қуанышқа бөлейді. Жүрек жылуларыңыз бен шексіз мейірімдеріңіз үшін көп-көп алғыс!

Өмірлеріңізге - бақыт,
Көңілдеріңізге - қуаныш,
Дендеріңізге - саулық,
Отбасыларыңызға - амандық,
Еңбектеріңізге - табыс тілеймін!
Осы сәтті пайдалана отырып, балаларым мен немерелеріме де рақмет айтып, ризашылығымды білдіремін!



Құрметпен
Абзалхан Әбілұлы Сағатов

Қазақтың ырым-тиымдары

КҮН БАТАРДА ҰЙЫҚТАМА

Алайда барлығы бірдей бұл тыйымның себебін, мән-мағынасын түсіндіре бермейді. Тіпті бірі білсе, бірі білмес. Сондықтан бұл сұраққа дінтанушы Елнар Берікбаев әлеуметтік желідегі парақшасында жауап берді, – деп хабарлайды Massaget.kz.

Маманның айтуынша, күн батқан сәтте ұйықтау жан үшін де, тән үшін де қауіпті.

«Күн батқан кезде ұйықтауға тыйым салуға қатысты әр халықтың өзіндік түсіндірмесі бар, бірақ олардың бәрі бір-біріне ұқсас. Күн батқан сәтте ұйықтау жан үшін де, тән үшін де қауіпті. Қазақтар күн мен түннің ауысуы жақсылық пен зұлымдық, жарық пен қараңғы, өмір мен өлім арасындағы күрес деп санайды. Соңғысы жекпе-жекте үнемі жеңіске жетіп, әлемді қараңғылық басады. Түс қайтып, кеш басталған уақытта ұйықтау адамның өлімін жақындатуды білдіреді. Христиандардың, мұсылмандардың, пұтқа табынушылардың ілімдерінде күннің шығуы әрқашан өмірдің белгісі, сәйкесінше күннің батуы өлімнің белгісі. Негізі күн батқан сәтте кісіні ақтық сапарға шығарып салуға арналған барлық рәсім аяқталады, қайтыс болған адамның жаны қараңғыда жоғалып кетпес үшін басқа әлемге кетуге асығады. Дәл сол сәтте күн дискісі көкжиекке тигенде әруақтар ұйықтап жатқан адамдарға зиян тигізуі мүмкін.

Сондай-ақ, күн батқан кезде ұйықтаған адам таңғы 03.00-04.00 оянады, ал ғалымдардың сөзінше, егер адам күннің осы уақытында оянаса, күннің ортасына қарай бас ауруын, шаршауды сезінуі мүмкін. Әлсіздік және ашуланшақтық болуы мүмкін. Әдеттегі режимдегі ауысым жұмыс өнімділігіне, әл-ауқатқа әсер етеді», – деп түсіндірді дінтанушы.

КОЛ ЖУҒАННАН СОҢ ОНЫ СІЛКІМЕ

Бірде Ғайса пайғамбар жолаушылап келе жатып, Ібілісті көреді. Ібіліс ізіне жүздеген ұрпағын ертіп алып, сап болып кетіп бара жатыр екен. Ғайса:

- Әй, Ібіліс мынаның барлығы балаларың ба? – деп сұрайды.
- Иә, балаларым.
- Не деген көп. Қалай өсіп, көбейгенсіңдер? – деп таңқалады. Сонда, Ібіліс:

– Кей адамдар қолын жуған кезде сілкілейді. Сілкігенде шашыраған әр тамшыдан менің балаларым пайда болады. Адам қолын жуғанда, «сүлгімен сүртпей сілкісе екен» деп тілеп тұрамын, – депті.

Ібілістің жауабын естігенде Ғайсаның жүрегі дір ете қалыпты. Сондан бастап ол жуған қолды сілкімендер деп үгіт-насихат етіпті.

КҮЙЕУ БАЛА БАТА БЕРМЕЙДІ

Жігіттің үш жұрты бар екенін жақсы білеміз: өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Осы үш жұрт үшін жігіттің орыны үш түрлі десек, қайын жұртқа тіптен өзгеше. Қалған екі жамағатқа бала ретінде қаралса, мұнда күйеу бала саналады. Сондықтан бұл жақта оларға істеуге тыйым салынатын заңдылықтар бар.

Қазақ ерте кезден күйеу баланы ерекше құрметпен қарсы алып, сыйлы қонақ ретінде қарайтын болған. Дегенмен орны қанша биік болса да күйеу бала бата бермейді. Ол қай жаста болса да сол үйге күйеу болғаны үшін одан бата сұрамайды. Оған басты себеп - оның елі басқа, руы басқа. Әрбір ру, әр тайпа өз жұртын өзі басқарып, ел ақсақалдары бата береді. Сондай-ақ бұл салт күйеу баланың өз ұрпағы жоқ болып, қыз ұрпағы билемесін деген ырымнан шыққан.

Келінге арналған түрлі тыйымдар мен дәстүрлер бар болғаны секілді күйеу балаға да салынатын тыйымдар аз емес. Солардың бірі - жас күйеуді төрге отырғызбау. Күйеу бала да сол әулеттің жаңа бір мүшесі болғанымен, есіктен кіріп төрге шығуына болмайды. Себебі әулеттің шаңыраққа ие болар өз ұрпағы бары нұсқау болып саналады.

Интернет желісінен дайындаған Роза АЙДАРБЕКОВА